

«SMART BALA» ЖОБАСЫ

Мақсаты: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Startup» конкурсы

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы



«Startup» конкурсы

Қараша Ақпан

Мектеп, аудан, қала, ауыл аумағын өзгерту бойынша форсайт сессиясы (оқушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары), инновациялық идеялардың тұсаукесерлері

Жауаптылар:

- **Сынып жетекшілер,**
  Мектептің/колледждің
  өзін-өзі басқару
  ұйымдары



«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

Қаңтар

Мектептің мүмкіндігіне қарай жасанды интеллектті пайдалана отырып командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізу

Ұсынылады:

-конкурсқа дайындық барысында инновациялық орындарға/ көрмеге бару / онлайн қарау (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және т. б.)

Жауаптылар:

- Информатика пәнінің мұғалімдері, Жаһандық құзыреттілік курсының мұғалімдері

«Бекітемін»
№ 5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
«___» қазан 2025 ж.

«№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КММ
«Smart bala» жобасы
БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылы

И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Smartbala» жобасын жүзеге асыру бойынша 2025 - 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Жоба мақсаты: Оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды заманауи технологиялар мен инновациялар арқылы білім алуға ынталандыру, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

№	Іс - шара атауы	Мерзімі	Жүзеге асыру формасы	Жауапты	Аяқталу нысаны
1	Цифрлық әлемге қадам: «Smartbala» жобасы арқылы жаңа мүмкіндіктер	Тамыз	Педагогтар мен білім алушыларға жобаның мақсаты туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
2	«Startup» байқауы	Қыркүйек	Білім алушылар арасында робототехника мен бағдарламалау негізінде сайыс өткізу	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
3	STEM жобалары және инновациялық технологиялар	Қыркүйек	STEM негізіндегі жобалар жасау (роботтар, дрондар), IT стартаптарын әзірлеу, прототиптер әзірлеу	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
4	Мектепішілік «RoboDay» сайысы	Қазан	Білім алушылар арасында робототехника мен бағдарламалау негізінде сайыс өткізу	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
5	Білім алушылар арасында SketchUp бағдарламасы арқылы «3D модельдеу» тақырыбында жобалар ұсыну	Қазан	«3D модельдеу» тақырыбында жобалар ұсыну	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
6	Startup: идеядан бизнеске */байқау/*	Қараша	Білім алушылар арасында питчинг	Информатика пән	Анықтама, әлеуметтік желіге

			форматында жобалар байқауы	мұғалімдері	жариялау
7	Шығармашылық «Makerspace» кеңістігін ұйымдастыру	Желтоқсан	3D модельдеу және принтинг, DIY жобалары бойынша мастер-класстар ұйымдастыру	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
8	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» */конкурс/*	Ақпан	Инновациялық идеялар жәрмеңкесі	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
9	Scratch бағдарламасы арқылы мультимедиялық контент жасау	Наурыз	Анимациялар мен мультфильмдер жасау, оларға дыбыс, музыка және бейнемазмұн қосу	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
10	«Минимум код - максимум нәтиже» 24 сағаттық хакатон	Сәуір	Минималды код жазу арқылы ең тиімді әрі жұмыс істейтін вебсайт құру	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау
11	«Жылдың үздік жобасы» *байқауы*	Мамыр	Жыл бойы жүзеге асырылған үздік жобаларды марапаттау және қорытынды жасау	Информатика пән мұғалімдері	Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау

Орта білім беру ұйымдарына арналған әлеуметтік жобалар жоспары

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары.

«Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

№	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1	«Smart bala» жобасы аясында «Startup» байқауы	Байқау ұйымдастыру	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қарашаның 3 аптасы
2	«Smart bala» жобасы аясында «Startup» байқауы	Байқау ұйымдастыру	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қарашаның 3 аптасы
3	«Smart bala» жобасы аясында «Өнер тапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	Байқау ұйымдастыру	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	Қаңтардың 4 аптасы
4	«Smart bala» жобасы аясында «Startup» байқауы	Байқау ұйымдастыру	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 3 аптасы

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Smart bala» жобасы аясындағы Цифрлық әлемге қадам: «Smartbala жобасы арқылы жаңа мүмкіндіктер»тақырыбы бойынша

А Н Ы Қ Т А М А

Аталған іс-шара білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, ақпараттық технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға және Smartbala цифрлық білім беру жобасының мүмкіндіктерімен жан-жақты таныстыруға бағытталған. Іс-шара барысында білім алушылар мен педагогтарға Smartbala платформасының мақсаты, негізгі бағыттары, функционалдық мүмкіндіктері және оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдары түсіндіріледі.

Іс-шара түсіндірме жұмыстары, ақпараттық таныстырылым, практикалық көрсету және интерактивті талқылау формасында жүзеге асырылады. Қатысушылар цифрлық жобалармен жұмыс істеу, онлайн платформаларды пайдалану, цифрлық ресурстар арқылы білімін жетілдіру мүмкіндіктерімен танысады. Сонымен қатар, Smartbala жобасы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзіндік ізденісін арттыру және цифрлық ортада қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Іс-шараның нәтижесінде білім алушылардың цифрлық технологияларға қызығушылығы артып, заманауи білім беру ресурстарын саналы түрде қолдану мәдениеті қалыптасады, ал педагогтар Smartbala жобасын сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстарда қолдану бойынша тәжірибе жинақтайды

Бірлестік жетекшісі: _____ Әбішева А.С


STEM



И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Smart bala» жобасын аясындағы «Startup» байқауы бойынша

АНЫҚТАМА

2025 жылдың 19 қыркүйек күні мектепішілік «Startup» байқауы өткізілді.

«Startup» байқауы – білім алушылардың робототехника, бағдарламалау және инженерлік инновациялар саласындағы жобаларын дамыту және көпшілікке таныстыру мақсатында ұйымдастырылатын оқу-танымдық сайыс. Байқау заманауи технологияларды меңгеруге қызығушылықты арттыру, оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу және ғылыми-техникалық жобалық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Байқауға мектептің 5-11 сынып білім алушылары қатысты. Қатысушылар 1-3 адамнан құралған команда ретінде де, жеке жоба авторы ретінде де тіркелді.

Байқау Робототехника, Бағдарламалау., Инновациялық стартап жобалар осы бағыттар бойынша жүргізіліп, төмендегі критерийлер бойынша бағаланды.


-идеяның жаңашылдығы мен өзектілігі;
-техникалық орындалу сапасы;
-бағдарламалық бөлігі мен алгоритмдік шешімдерінің тиімділігі;
-роботтың функционалдығы мен сенімділігі;
-жобаның практикалық маңызы мен қолдану мүмкіндігі;
-команда жұмысының үйлесімділігі және презентация мәдениеті.


Байқауға мектеп оқушылары, ғылыми жетекшілері, робототехника және бағдарламалау саласының мамандары, педагогтер және ата-аналар қатысты. Қазылар алқасы салалық мамандардан, инженерлік-техникалық бағыттағы оқытушылардан және STEM орталықтарының сарапшыларынан құралды.


«Startup» байқауы жасөспірімдердің инженерлік қабілеттерін арттырып, шығармашылық белсенділігін дамытуға, командалық жұмысқа бейімдеуге, компьютерлік және цифрлық сауаттылығын жетілдіруге зор үлес қосатын маңызды білім беру іс-шарасы болып табылады. Байқау арқылы қатысушылар өз идеяларын жүзеге асырып, инновациялық ойлау дағдыларын шыңдады және болашақ кәсіби бағытын анықтауға мүмкіндік алды.

Бірлестік жетекшісі: Әбішева А.С

Күні: 19.09.2025 жыл







И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Smart bala» жобасы аясындағы «STEM жобалары және инновациялық технологиялар»

тақырыбы бойынша

А Н Ы Қ Т А М А


Бұл іс-шара білім алушылардың ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) бағыттары бойынша білімін тереңдетуге, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ инновациялық технологияларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Іс-шара барысында білім алушылар STEM негізіндегі жобалармен жұмыс жасап, заманауи технологиялардың оқу үдерісіндегі маңызын түсінеді.


Іс-шара STEM бағытындағы жобалар жасау, роботтар мен дрондар құрастыру, бағдарламалау элементтерін қолдану, IT стартаптар мен прототиптер әзірлеу, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар жүргізу формасында жүзеге асырылады. Қатысушылар командалық жұмыс арқылы нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобалар дайындап, өз идеяларын тәжірибе жүзінде іске асырады.

Іс-шараның нәтижесінде білім алушылардың техникалық шығармашылығы артып, инновациялық ойлау қабілеті қалыптасады, зерттеушілік дағдылары дамиды және заманауи технологияларды тиімді қолдануға бейімделеді. Сонымен қатар, педагогтар STEM жобаларын оқу және сыныптан тыс іс-шараларда қолдану бойынша тәжірибе жинақтайды.

Бірлестік жетекшісі: _____ Әбішева А.С







И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Smart bala» жобасы аясындағы «Robo Day» байқауы бойынша

А Н Ы Қ Т А М А

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің базасында 2025 жылдың 20 қазанында мектепішілік **«Robo Day»** сайысы өткізілді. **Іс-шараның негізгі мақсаты** – оқушылардың ақпараттық технологияларға, робототехникаға қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және инженерлік ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Сайысқа ***5-8*** сыныптардан жалпы 18 оқушы қатысты. Шара барысында оқушылар бірнеше тур бойынша өз жұмыстарын көрсетті:


- **Үй тапсырмасына қағаз не картоннан роботтар жасау;**
- **LEGO Mindstorms-қа байланысты сұрақтарға жауап бер**
- **LEGO Mindstorms роботтар құрастырып, жүргізу**
- **Scratch/Python бағытындағы бағдарламалау тапсырмалары**

Сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар роботтарын таныстырып, өз жобаларын қорғады. Қазылар алқасының бағалауы негізінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Үздік деп танылған оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Іс-шара жоспарға сәйкес өз деңгейінде өтті.

Бірлестік жетекшісі: _____ Әбішева А.С




JavaScript
php

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің Білім алушылар арасында SketchUp бағдарламасы арқылы «3D модельдеу» тақырыбында жобалар ұсыну бойынша

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің білім алушылар арасында SketchUp бағдарламасы арқылы «3D модельдеу» тақырыбында жобалық жұмыс ұйымдастырылды. Іс-шараға 5-11 сыныптың оқушылары қатысты. Жауапты мұғалім: Досымова Камшат.

Жобаның мақсаты – білім алушылардың 3D модельдеу дағдыларын дамыту, кеңістіктік ойлау қабілетін қалыптастыру және цифрлық технологияларды тәжірибеде қолдануға үйрету.


Жоба барысында білім алушылар SketchUp бағдарламасының негізгі құралдарын (Line, Rectangle, Push/Pull, Move, Rotate, Scale) пайдаланып, үшөлшемді нысандар модельдеді. Ұсынылған жобалар қатарында тұрғын үй макеттері, мектеп ғимаратының үлгілері, интерьер дизайндары және «Болашақ қала» тақырыбындағы шығармашылық жұмыстар болды.


Бағалау критерийлері:

- Модельдің нақтылығы және өлшемдерінің сақталуы;
- Құралдарды дұрыс қолдануы;
- Дизайнның креативтілігі;
- Жобаны қорғау сапасы.

Нәтижесінде білім алушылардың 3D графикамен жұмыс істеу дағдылары дамып, инженерлік және дизайнерлік бағытқа қызығушылығы артты. Жобалар сапалы деңгейде қорғалды.

Бірлестік жетекшісі: _____Әбішева А.С





И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің базасында «Startup: идеядан бизнеске» тақырыбында өткізілген іс-шара бойынша

АНЫҚТАМА

Білім алушылар арасында «Startup: идеядан бизнеске» тақырыбында жобалық жұмыс/шеберлік сабағы өткізілді. Іс-шараға 5-11 сыныптың оқушылары қатысты.

Іс-шараның мақсаты – білім алушыларға стартап ұғымын түсіндіру, кәсіпкерлік ойлау дағдыларын қалыптастыру және идеяны нақты бизнес-жобаға айналдыру жолдарын үйрету.

Жоба барысында білім алушылар:

- Стартаптың мәні мен ерекшеліктерін талдады;
- Нарықтағы мәселені анықтап, оны шешуге бағытталған идея ұсынды;
- Мақсатты аудиторияны айқындады;
- Өнімнің/қызметтің артықшылықтарын сипаттады;
- Қарапайым бизнес-модель (табыс көзі, шығын түрлері) құрастырды;
- Жобаларын презентация форматында қорғады.

Ұсынылған жобалар қатарында білім беру қосымшасы, экологиялық өнімдер өндіру, онлайн қызмет көрсету платформалары және әлеуметтік бағыттағы бастамалар болды.

Бағалау критерийлері:

- Идеяның өзектілігі;
- Жаңашылдығы;
- Нарық сұранысына сәйкестігі;
- Жобаны қорғау сапасы.

Нәтижесінде білім алушылардың қаржылық сауаттылығы, сыни ойлау қабілеті және кәсіпкерлік құзыреттілігі дамыды. Қатысушылар идеяны жоспарлау, талдау және көпшілік алдында ұсыну тәжірибесін меңгерді.

Бірлестік жетекшісі: _____ Әбішева А.С

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Smart bala» жобасы аясындағы «Шығармашылық "Makerspace" кеңістігін ұйымдастыру» жобасы бойынша

А Н Ы Қ Т А М А

Мақсаты:

- 11-сынып оқушыларының шығармашылық және сыни ойлауын дамыту;
- 3D көзілдіріктер арқылы оқу үдерісін жандандыру;
- Топтық және жобалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;
- Заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдануға үйрету.

Шығармашылық Makerspace – бұл оқушылардың өз идеяларын тәжірибе жүзінде жүзеге асыруына, жобалау және зерттеу жұмыстарын орындауына арналған заманауи білім беру кеңістігі. Бұл ортада оқыту «үйрен – зертте – жаса» қағидасына негізделіп, оқушылардың шығармашылық, инженерлік және цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталады.


Аталған іс-шара 11-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушылар бірнеше топтарға бөлініп, әр топқа 3D көзілдіріктер (VR/AR) берілді. Топтар 3D көзілдіріктерді пайдалана отырып, виртуалды ортада үшөлшемді нысандарды зерттеп, дайын модельдерді қарап, олардың құрылымын жан-жақты талдады. Бұл әдіс оқу материалын көрнекі әрі түсінікті түрде меңгеруге мүмкіндік берді.


3D көзілдіріктерді қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтті. Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, өз ойларын дәлелдеуге, шығармашылық шешімдер ұсынуға үйренді. Виртуалды кеңістікте жұмыс жасау арқылы олар күрделі тақырыптарды оңай қабылдап, практикалық тәжірибе жинақтады.

Қорытынды:

3D көзілдіріктер пайдаланылған Makerspace кеңістігі 11-сынып оқушылары үшін өте тиімді болды. Топтық жұмыс форматында ұйымдастырылған жоба оқушылардың технологияға деген қызығушылығын арттырып, олардың білімді тәжірибе арқылы меңгеруіне жағдай жасады.

Бірлестік жетекшісі: _____ Әбішева А.С




VR BOX
VR BOX
VR BOX

